

2024-2025 оқу жылының психологиялық бағытта жүргізілген жылдық жұмыстардың есебі туралы

2024-2025 оқу жылында жоспарға сәйкес бірнеше бағытта педагог-психологтың жұмыстары атқарылды. Мектеп оқушыларының ата-аналарынан келісім-шарт алынды. Оқу жылындағы әр сыныптың тізімі жасақталды.

2024-2025 оқу жылының жоспарына сәйкес мектеп оқушыларының мектепке дайындығын, есте сақтауын, ойлауын және зейінін даму барысын, оқу мотивациясын анықтау мақсатында жасалған жұмыстар:

Әдістеме	Нысаналы топ	Қатысқан оқушы саны	Орындалу мерзімі	Нәтижесі
Керн -Йирасек	1 сыныптар	22 оқушы	қыркүйек	Мектепке даярлығы жоғары оқушылар саны-15 Мектепке даярлығы орташа оқушылар саны-5 Мектепке даярлығы төмен оқушылар саны-2
«Оқушының оқуға деген эмоционалды қатынасы мен мотивациясын анықтау»	7 сыныптар	11 оқушы	Қазан	I-деңгей-6 II-деңгей-3 III-деңгей -2

Қорытынды: Әдістеме нәтижелері сынып жетекшілеріне таныстырылды. Сынып жетекшілерге мектепке даярлығы төмен оқушылармен жұмыс жасау барысында зейінді тұрақтандыратын әдіс-тәсілдер ұсынылды.

Оқушылардың мектепке бейімделуін анықтау мақсатында жасалған жұмыстар

Әдістеме	Нысаналы топ	Қатысқан оқушы саны	Орындалу мерзімі	Нәтижесі
Өзін-өзі бағалау	5 сынып	20 оқушы	Қыркүйек	Өзін-өзі бағалауы жоғары-16 оқушы Өзін-өзі бағалауы орташа-4 оқушы Өзін-өзі бағалауы төмен-2 оқушы
«Мен концепсиясын қалыптастыру» тренинг	10 сынып	3 оқушы	Қазан	Оқушылар тренингке белсенді қатысты. Өз-өздеріне және сынып

				оқушыларына мадақтау сөз айтып,көңіл-күйлерін көтерді.
«Достық пен сыныптастармен қарым-қатынас»	5 сынып	20 оқушы	Қазан	Оқушылардың 5 сыныпқа бейімделуіне байланысты сабақтар берілді.Сабақ барысында оқушылардың арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында топтық ойындар жүргізілді.

Қорытынды: Әдістеме нәтижесі бойынша өзін-өзі төмен бағалайтын оқушы анықталды.Өзін-өзі бағалауы төмен оқушылардың өзін жақсы көруіне ,өзіне деген сенімділігін арттыру мақсатында сынып оқушыларымен бірге тренингтер жүргізіліп сұхбаттар алынды.

Оқушылардың типтік көзқарасын анықтау мақсатында жасалған жұмыс

Әдістеме	Нысаналы топ	Қатысқан оқушы саны	Орындалу мерзімі	Нәтижесі
«Геометриялық фигуралардан жасалған адамның конструктивті суреті»	8 сынып	15	Қазан	Реттілікті қалаушылар-5 оқушы Ғалым оқушы-3 Болжағыш оқушы -2 Өнертапқыш оқушы-2 Жанашығыш оқушы-3

Аутодеструктивті мінез-құлықтың және суицидтің алдын- алу мақсатында атқарылған жұмыстар

Әдістеме	Нысаналы топ	Қатысқан оқушы саны	Орындалу мерзімі	Нәтижесі
Юнисеф жобасы бойынша сауалнама	8,9,10,11 сыныптар	29 оқушы	Қазан –қараша	Депрессия-1 оқушы Үрей-3 оқушы Стресс-2 оқушы
Люшер тесті	9-сынып	8 оқушы	Қазан	Мазасыздық жоғары оқушы-0 Мазасыздық орта оқушы-0 Мазасыздық төмен оқушы-1
«Өмірге ИӘ деп айт » психологиялық онкүндігі	5-11 сыныптар	Барлық сынып оқушылары	Ақпан	Он күн бойы оқушыларға тренинг,дәріс сабақ тар жүргіліп, оқушылардың өмір сүруге деген құлшыныстарын арттырды.

Қорытынды: оқушылардан алынған тест нәтижесі бойынша депрессия,үрей,стресс-ке бейімділігі бар оқушылар анықталды. Осы анықталған оқушылармен жек сұхбаттар жүргізілді. Алдағы уақытта оқу жылының соңына дейін оқушылармен жеке және топтық жұмыстар жүргізіліп,бақылауға алынды.

Оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін анықтау мақсатында атқарылған жұмыстар

Әдістеме	Нысаналы топ	Қатысқан оқушы саны	Орындалу мерзімі	Нәтижесі
ШТУР әдістемесі	2 сыныптар	20 оқушы	қараша	1.Логикалық ойлау деңгейі: Жоғары-8 оқушы Орташа –7 оқушы Төмен -5 оқушы 2.Зейіннің тұрақтылығы : жақсы –7 оқушы қанағаттанарлық-9 оқушы әлсіз-4 оқушы 3.Есте сақтау қабілеті: жақсы –9 оқушы орташа-7 оқушы төмен-4 оқушы
Ақыл –ой дамуының мектептік тесті	3 сыныптар	25 оқушы	қараша	Логикалық ойлау деңгейі: Жоғары-10 оқушы Орташа –9 оқушы Төмен -5 оқушы
Г.В.Резапкина әдістемесі	6 сыныптар	18	Желтоқсан	Көру арқылы есте сақтау: Жақсы-9 Орташа-5 Төмен-4 Есту арқылы есте сақтау қабілеті: Жақсы-10 Орташа-5 Төмен-3
Танымдық қабілеттерінің даму динамикасын анықтау	ЕББҚ	5 оқушы	Қаңтар	Зейін тұрақтылығы: Жоғары-2 Орташа-1 Төмен-2 Есте сақтау қабілеті: Жоғары-2 Орташа-1 Төмен-2 Логикалық ойлау деңгейі: Жоғары-2 Орташа-1 Төмен-2

Қорытынды: оқушылардан алынған тест нәтижесі бойынша зейіні,логикалық ойлау деңгейі,есте сақтау қабілеті төмен оқушылар анықталды. Осы анықталған оқушылармен топтық түзету жұмыстар жүргізіліп,сынып жетекшілеріне логикалық ойлау деңгейімен есте сақтауды жақсартатын ойын-жаттығуларды сабақта жиі қолдануға ұсыныс жасалды.

Мамандық таңдау мен кәсіби бағыт беру мақсатында жасалған жұмыстар

Әдістеме	Нысаналы топ	Қатысқан оқушы саны	Орындалу мерзімі	Нәтижесі
Л.Иовяшидің белгілі бір мамандыққа бейімділігін анықтау тесті	7-9 сыныптар	35	Желтоқсан	Адаммен жұмыс істеуге бейімділік-10 оқушы Техникалық және механикалық қабілеттер-6 оқушы Шығармашылық бағыт-4 оқушы Жаратылыстану ғылымдарына бейімділік-8 Қоғамдық-әлеуметтік бағыт-7
Кәсіби бейінді оқытудағы оқушыларға мамандық таңдау бойынша психологиялық қолдау	7-11 сыныптар	41	Қаңтар –мамыр	Оқушылардың қызығушылықтары мен бейімділіктері анықталып, сол бойынша сәкес келетін мамандықтар тізбегі таныстырылды. Мамандық таңдауға қиналып жүрген оқушыларға жеке диагностика жасалып, кеңестер берілді.

Қорытынды: оқушылардан алынған тест, сауалнама қорытындысы бойынша мамандық таңдауда көмек қажет ететін оқушылар анықталды, осы анықталған оқушылармен жеке сұхбат жүргізіліп, кәсіби бағдар жасалды.

Ұл және қыз тәрбиесін жақсарту мақсатында атқарылған жұмыстар

Әдістеме	Нысаналы топ	Қатысқан оқушы саны	Орындалу мерзімі	Нәтижесі
«13-те Отау иесі» баяндам, пікір талас	9-10 сыныптар	11 оқушы	Ақпан	Пікірталас нәтижесінде қатысушылар "13-те отау иесі" сөзі қазіргі кезде тікелей емес, астарлы мағынада қолданылуы керек деген ортақ ойға келді. Бұл – баланы ерте жастан жауапкершілікке баулу туралы халықтық ұғым. Алайда заманауи көзқарасқа сай, 13 жаста баланың негізгі міндеті – оқу, даму және тұлға ретінде қалыптасу.

